

**Түркістан облысының білім басқармасының
Келес ауданының білім бөлімінің
«№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын
жинақты жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы
(01.09.2023-17.06.2024 жылғы жай-күйі
бойынша)**

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ МӘЛІМЕТТЕР

Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы	Түркістан облысының білім басқармасының Келес ауданының білім бөлімінің «№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Коммунальное государственное учреждение «Малокомплектный общеобразовательная школа «№58 имени Ы.Алтынсарина» отдел образования Келесского района управления образования Туркестанской области
Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
☐ Қаласы/ауылы	Келес ауданы, Бозай а/о, Тентексай ауылы
Көшенің атауы	Ш.Қалдаяқов көшесі, №20 үй
Пошта мекенжайы индексі	160905
Білім беру ұйымының сайтына сілтеме	
Бірінші басшының аты-жөні	Ибрагимов Ахмет Жарилкапович
Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі	Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 18 – ж/қ бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефондары (жұмыс / ұялы телефон)	8 707 303 88 68 Жұмыс телефоны: 7-30-14
Бірінші басшының электрондық поштасының мекенжайы (жұмыс мекенжайы)	m128-Altynsarin@mail.ru
Құқық белгілейтін құжаттар	Жарғы Түркістан облысы әкімдігінің 10.10.2023 жылғы №5 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің Түркістан облысының әділет департаменті Сарыағаш ауданаралық әділет басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесі 10.10.2023 жылы № 2008-1959-КММ заңды тұлғаға мемлекеттік қайта

	тіркеуі жүргізілді. БСН 011240003243
Рұқсат беру құжаттары	14.11.2023ж. № KZ24BFA00166476 білім беру қызметіне Лицензия

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

"№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес қазақстандық білім беру мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту бойынша мақсат қойылды.

Мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттер анықталды:

1. Педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білімді жаңғырту.
2. Білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу.
3. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету.
4. Білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене бітімінің дамуын қамтамасыз ету.
5. Жан басына қаржыландыруды енгізу. Мектепті сандық инфрақұрылыммен және заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықтау.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысы рухани-адамгершілік құндылықтарға, ұлттық және мәдени дәстүрлерге, азаматтық-патриоттық санаға, салауатты өмір салтына сәйкес жүзеге асырылады.

ОҚЫТУ

"№58 Ы.Алтынсарин атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – мектеп) білім беру қызметі 14.11.2023ж. №KZ24BFA00166476 білім беру қызметіне арналған лицензия берілген.

Мектеп 2004 жылы салынған. 2023 жылы қайта тіркеуден өтті (қайта тіркеу туралы куәліктің көшірмесі қоса беріледі).

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ

Жалпы білім беретін орта мектепте (1-11 – сыныптар) білім алушылар контингенті 141 білім алушыны құрайды, оның ішінде бастауыш мектепте-52 бала (4 – сынып-жиынтық), негізгі мектепте – 70 (5-сынып-жиынтық), жоғары сыныптарда- 19 білім алушы (2-сынып-жиынтық).

Оқу процесі. Бірінші ауысымда 67 оқушы оқиды. Екінші ауысымда 74 оқушы оқиды.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды.

1-4 -сыныптар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымша бойынша оқытылды.

5-9- сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша бойынша оқытылды.

10,11-сынып Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымшаға сәйкес білім алды.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп апталық оқу жүктемесі	Инвариативтік оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
1/1	19,5	18,5	1
2/1	24	22	2
3/1	26	25	1
4/1	26	25	1
Барлығы 4 сынып	95,5	90,5	5

2023-2024 оқу жылындағы негізгі орта білім беру сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Сыныптар/ жиынтық-сыныптар	Жалпы білім беру сыныптары		
	Ең көп оқу жүктемесі	Инвариативтік оқу жүктемесі	Вариативтік оқу жүктемесі
5/1	28,5	28	0,5
6/1	28,5	28	0,5
7/1	31,5	31	0,5
8/1	32,5	32	0,5
9/1	34	33	1
Барлығы-5	155	152	3

Сыныптар бойынша жалпы орта білім берудің жалпы сыныптар бойынша оқу жүктемесінің көлемі /2023-2024 оқу жылы/

Сыныптар/жиынтық-сынып	Инвариативтік оқу жүктемесі, сағатпен		Вариативтік оқу жүктемесі, сағатпен	
	апталық	Жылдық	апталық	жылдық
10/1 ЖМБ	32	1088	3	102
11/1 ЖМБ	32	1088	3	102
Барлығы-2 сынып	64	2176	6	204

Мектепте тәрбие жұмыстарын жоспарлағанда Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жасалды. **2023-2024 оқу жылдарында** тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша мектепшілік 1-11 сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыс жасауда. Оқушыларға Қазақстан Республикасының құқықтық білім беру Концепциясын, (21.06.1995ж) Бала құқығы туралы

Конвенциялармен (20.11.1989ж) таныстыру жұмыстары жүргізілген. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жасалған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Қыркүйек айында өткен әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында «Шаңырақ» сынып жетекшілерінің өткен оқу жылындағы жұмыстарына сараптама жасалынды.

Сынып жетекшілерінің лауазымдық міндеттері таныстырылып, тәрбие бағыттары бойынша жұмыс жүргізу тапсырылды: Ата – аналармен жұмыс жоспары жасалынып, тығыз байланыс орнатылды.

Сынып жетекшілерінің тәрбиенің өзекті мәселелері, сынып жетекшілерінің шығармашылық есептері бірлестік отырысында талқыланады. Тәрбие жүйесінде басшылыққа алынуы қажетті негізгі құжаттар таныстырылып, сынып жетекшілерінде болуы және осы құжаттар негізінде құқықтық оқыту жүргізілуі қадағаланады.

Барлық сынып жетекшілері бекітілген кестеге сәйкес ашық тәрбие сағаттарын өткізді. Атап айтқанда, «Құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу», «Балаларды кибербуллинг пен киберқылмыстан қорғау» т.б.

Құқықтық тәрбие басты назарда ұсталынып, ҚР Заңдары мен нормативтік актілерді таныстыру, нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегушіліктің алдын алу бойынша жоғары сынып оқушылары арасында, арнайы мамандардың қатысуымен «Бала тәрбиесі-баршаның ісі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күресудің алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілді. Атап айтар болсақ, АІБ – нің қызметкерлерімен бірге жоғары сынып оқушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын - алу мақсатында кездесулер өткізілді.

2023-2024 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері

№	Аты-жөні	Жанр түрі	Марапаты
		Аудандық жетістіктер	
1	Тачайбек Нұрғиса	«Бояулар құпиясы»	I дәрежелі диплом
2	Усан Арайлым	«Бояулар құпиясы»	I дәрежелі диплом
3	Батырбай Гүлімай	«Бояулар құпиясы»	I дәрежелі диплом
4	Тәңіртай Ескендір	«Бояулар құпиясы»	I дәрежелі диплом
5	Хақимжан Айғаным	«Бояулар құпиясы»	I дәрежелі диплом
6	Уразали Ұлдана	«Абай оқулары»	II орын
7	Тачайбек Нұрғиса	«Абай оқулары»	II орын
8	Уразали Наббия	«Жарқын болашақ»	I дәрежелі диплом
9	Жахсыбек Мереке	«Жарқын болашақ»	I дәрежелі диплом
10	Байназар Жания	«Жарқын болашақ»	I дәрежелі диплом
11	Абдуталип Оразмұхаммед	«Алтын ұрпақ»	III орын
12	Абдрәсіл Мадина	«Алтын ұрпақ»	III орын
13	Ақтүре Азамат	«Алтын ұрпақ»	III орын
14	Хақимжан Пернегүл	«Жарқын болашақ»	I дәрежелі диплом
15	Байбула Айша	«Мақатаев оқулары»	Мадақтама
		Облыстық жетістіктер	
1	Қошқарбай Бекарыс	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11(12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсы (ғылыми конкурс)	III орын
2	Байбулла Нұрдана	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11(12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсы (ғылыми конкурс)	II орын

3	Саттар Ханзада	Жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11(12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсы (ғылыми конкурс)	II орын
---	----------------	---	---------

2023-2024 оқу жылында 1 оқушы болды. 1 сыныптан 1 оқушы. Оның ішінде 1 оқушы жалпы мектеп бағдарламасымен оқытылды.

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Туған жылы	ПМПК хаттамасы	Бағдарламасы	Бұйрық № ЖСН
1	Ихтияр Қайсар	1	21.11.2017ж	№462 21.06.2023ж	жалпы мектеп бағдарламасы	22.08.2023ж №60

Үйден оқитын оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері:

№	Мұғалімнің аты-жөні	Сыныбы	Пәні
1	Хангелді Айсапар	1	Ана тілі, Математика, Дүнеитану, Қызықты математика
2	Эшанкулов Максат	1	Цифрлық сауаттылық
3	Садикова Айжан	1	Шебер қолдар

1. Жалпы мектеп бойынша 7 сыныпта 10 сағат, ал 10 сыныпта 19 сағат. Жалпы 29 сағат негізгі пәндер бойынша оқытылды.

Оқушылардың пәндерді меңгеруінің динамикалық жағдайы туралы сынып жетекшілері мәлімет толтырып отырады.

2.РО - холерик. Эмоциясы бірқалыпты, қимылы жылдам, кейде тез ашуланады.

3.ДА – холерик. Мінезі ашық. Қимыл қозғалысы жылдам, эмоциясы құбылмалы.

2023-2024 оқу жылында мұғалімдер жетістігі

№	Аты жөні	Олимпиада, байқау аты	Пәні	Аудан	Облыс	Респ	Хал/қ
	-						

Аудандық пәндік олимпиада бойынша жүлделі орындарға ие болған мектеп оқушыларының көрсеткіштері

№	Оқу жылдары	Аудан	Қатысқаны	Орын алғаны
1	2021-2022	Аудан	25	5
2	2022-2023	Аудан	25	11
3	2023-2024	Аудан	25	15

Облыстық пәндік олимпиада бойынша жүлделі орындарға ие болған мектеп оқушыларының көрсеткіштері

№	Оқу жылдары	Облыс	Қатысқаны	Орын алғаны
1	2021-2022	Облыс	-	-
2	2022-2023	Облыс	2	-
3	2023-2024	Облыс	3	3

Жалпы мектепте 29 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 27 жоғары педагогикалық білімі бар. Бастауыш мектепте 7 педагог сабақ жүргізеді, оның ішінде 3 педагог-зерттеуші, 1 педагог – сарапшы, 1 педагог – модератор.

Бастауыш мектептегі жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің, шебер педагогтердің үлесі-71%-ды құрады.

Негізгі және жоғары сыныптарда педагог, оның ішінде 3 педагог-зерттеуші, 5 педагог-сарапшы, 3 педагог модератор сабақ жүргізеді. Жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, сарапшы педагогтердің, зерттеуші педагогтердің үлесі-55%-ды құрады.

Мектеп директоры М.У.А.



А.Ибрагимов

